

Ауданымыздың құрылғанына 80 жыл толуы қарсаңында әріптесіміз, марқұм Халел Дәулетбекұлының ертеректе Сәрінжіп ақын жайлы жазған мақаласын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

«... АҚЫННЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ»



Тарих және талғам
Уақыт бәрін де өз орнына қояды, бәріне де өзінің әділ бағасын береді. Өкінішке орай ұзақ жылдар бойы "елім" деп еңіреген талай асыл азаматтар туралы ақиқат әңгімелерді айта алмай қорғаншақтап келдік. Шүкіршілік, қилы замандарда кешкен қиын тағдырлары сарапқа салынып, аяулы азаматтардың есімдері өз орындарына қойылуда.

Өлеңмен сөз кестесін тегілдірген ақын Сәрінжіп Әзбергенұлы туралы деректерді мен Шет ауданының байырғы тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Исатай Омаров ақсақалдан 1986 жылы жазып алған едім. Ақын туралы көптеген деректер көмескі тартқан, оның кейбір туындылары толық сақталмаған.

Сәрінжіп ақын Қарағанды облысы, Шет ауданы, Тағылы ауыл кеңесіне қарасты «Жастерек» колхозын ұйымдастырушылардың бірі болған азамат. Басқа түскен небір зұлмат-зобалаңның салдарынан жан-жаққа бас сауғалап босып кеткен халықтың туған елге қайта оралуына зор еңбек сіңіргендердің бірі де осы Сәрінжіп ақын. Қазан төңкерісінен кейінгі «аққашып, қызыл қуған» аласапыран заманда Кәрсөн, Керней деген елдің біразы оңтүстіктегі Шу, Жамбыл бойына қоныс аударуға мәжбүр болады.

Қолыма бісміллә деп алдым қалам,
Бере гөр өзің медет хақ тағалам.
Көргенше қайта айналып кім бар, кім жоқ,

Кетейін амандасып Арқа саған, - деп кір жуып, кіндік кескен туған жерді қимай, артына қарайлап бара жатқан ел атынан ақын «Қоштасу» атты өлеңін арнаған екен.

1937 жылдың ызғары Шет өңірін айналып өткен жоқ. Небір аяулы азаматтар «халық жауы» деген жаламен жазықсыз ұсталып, солақай саясаттың құрбанына айналды. Халқымыздың басына төнген нәубетті көзбен көріп, куә болған ақын оған үн қоспай тұра алмаған.

Көрмейін де деп едім,
Шыққыр көзім не көрдің?
Қайран қазақ баласы,
Ажалыңнан өлмедім,
Біреуге себеп болар ма ем,

Ерте неге келмедім.
Осынша қазақ баласын,
Бір оқпенен атад деп,
Айтқандарға сенбедім.

Сәрінжіп айтыс ақыны екенін айғақтайтын ел арасында мынадай бір әңгіме бар. Оңтүстікке қарай қоныс аударған елді қайыра атамекенге көшіру мақсатымен қасында ел жақсылары бар Сәрінжіп ақын Шу бойына барып, осы елдің ақыны Мәдіхан-ның үйіне келіп түседі. Әңгіме барысында Мәдіхан:

Арқадан Арғын ауып шөлге келген,
Жас қызын жұдырықтай - ұстап берген.
Союлы ет, май, қымызын ішіп жатпай,
Бұл Шуға Арғын қаңғып неге келген, - дейді.
Сонда Сәрінжіп:
Біздағы сөз айталық,
Мәдіханға,

Сөзіңе сөз қайтарса кеңілге алма.
Атаңыз мойынағаш, өгіз алған,
Енші алып Арғын, Үйсін айырылғанда.
Бар екен үшеуінде үш-ақ қара,
Үшеуі үшеуіне тиген дара.
Таңдауын екі інісі бермеген соң,
Өкпелеп Шуда қалған ол бейшара.
Кіші жүз төмен кетті түйені апып,
Орта жүз келді Арқаға биені алып.
Атаңыз мойынағаш, өгіз алып,
Өкпелеп Шуда қалды егін салып.
Тал тусте күн көрініп таңдар атқан,
Мезгілсіз көлеңкемен күні батқан,
Адамың арық қазып, ағаш кесіп,
Кебеже құр қоңқиған сиырға артқан, - деп іле жауап қайтарған екен.
Сексеннен асып қайтыс болған Исекең ақсақал Сәрінжіп ақынның Сәкен Сейфуллинге арнаған өлеңдерін өкінішке қарай есіне түсіре алмады.

Х. СӘДУАҚАСОВ.

1990 жыл.

